

Орта Азияны Аса Қасиетті Құдай Анасы Мәриямға бағыштау дұғасы

Қ. Құдайдың Ұлы Иса Мәсіхтің Анасы және біздің Анамыз! Біз Саған махаббатымыз бен құрметімізді, сеніміміз бен алғысымызды білдіргіміз келеді! Сенің алдында осы бір тарихтың ерекше сәті, үшінші мыңжылдықтың басында тұрмыз, бұл- адамзат бір отбасы болуға ұмтылғанына карамастан, көптеген қақтығыс пен соғыстардың әсерінен бөлінген және жараланған болып қала беретін уақыт.

Біз Сенің алдында жер шарының ерекше нүктесінде-Еуразия құрлығының ортасында, көптеген ұлт пен дін өкілдері бір-бірімен көршілес өмір сүретін жерде тұрмыз.

Бейкүнә Құдай Анасы, Сен күннің шығысына жол сілтеуші таң шапағы секілді, Құтқарушының келуінің жаршысы болдың. Сен адамдарға Құдайға апаратын жолды көрсете білетінің кәміл сенеміз. Сен дүниеге Әлемнің Билеушісі-Иса Мәсіхті әкелдің! Ол айқышта өліп бара жатқан сәтінде, Саған барлық адамдарды тапсырып кетті, Сен олардың Анасы мен Патшайымы, Құдайға Жетелеушісі және шаршамас Көмекшісі болуың үшін.

Бейбітшілік Патшайымы және Шіркеудің Анасы! Бүгін Саған Орта Азияның Бүкіләлемдік Шіркеуін, Мәсіхке сенушілердің барлығын, Бір Құдайды мойындайтындарды, және Жаратушыға сенімі мен адалдықтары мәлім ізгілікке ерікті жандарды сеніп тапсырамыз.

Азапталушылардың Патшайымы, Мәсіх іспетті шындық пен әділдік үшін жазықсыз жапа шеккендердің көз жасы мен төгілген қанына назарыңды бұра гөр.

Мәриям, бізге және бүкіл әлемге, Сен-Бейбітшілік Патшайымы екеніңді көрсете гөр! Барлық халықтар Сені Рақымға бөленген деп атап, Сен арқылы Құдайға жол тапсын.

Барлығы: Аумин